

Білім беру қызметін ұйымдастыру кезіндегі мерзімдердің сақталуына қатысты қызметтің Типтік ережелерінің 14-тармағының сақталуы

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Арқалық қаласы білім бөлімінің Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі» КММ шағын орталық пен мектепке даярлық сыныбындағы (КПП) білім беру қызметін ұйымдастыру мерзімдерін айқындау барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес әрекет етеді. Аталған бұйрық "Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың типтік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" және ол нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 нөмірімен тіркелген.

1.Оқу жылы (бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі) – 1 қыркүйектен 30 мамырға дейін.

Оқу жылы ішінде келесі каникул кезеңдері белгіленген:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда);

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

Оқу кезеңі – 33 апта, оның соңғы аптасы – 26 мамырдан 30 мамырға дейін – бейімделу және жеңілдетілген сипатта өтеді, жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жүргізіледі, көрмелер мен мектепке дейінгі ұйымнан бітіру шаралары ұйымдастырылады.

1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Мектепке дейінгі даярлық бағдарламасынан өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілерді бір жас ерекшелік тобынан келесісіне ауыстыру – ағымдағы жылдың 1 тамызынан 31 тамызына дейін, тәрбиеленушінің осы күнтізбелік жылы толық жасқа толуын ескере отырып жүргізіледі.

Мектеп директоры



Н.Ахатов